

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН:

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор

М. Жақауов

“10” қазан 2024 жыл



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті білім алушыларының ӘДЕП КОДЕКСІ

Алматы қаласы, 2024 жыл

1. Жалпы ережелер

Бұл кодекс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (әрі қарай – Абай университеті) білім алушыларына арналған этикалық нормалар мен қағидаттарды айқындайды. Абай университетінің білім алушыларының негізгі міндеті – жоғары оқу орнында білім алу, өз кәсіби біліктілігін арттыру және қоғамға үлес қосу. Кодекс ережелерін сақтау әрбір білім алушы үшін міндетті болып табылады.

2. Білім алушылардың басты міндеттері мен әдептілік қағидаттары

2.1. Құқықтық және академиялық әдебін сақтау

Білім алушылар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, білім беру саласындағы мемлекеттік нормативтік актілерін, сондай-ақ Абай университетінің ішкі тәртібін сақтауға, Абай университетінің «Жас педагог антын» жадында сақтауға, жатқа білуге міндетті.

2.2. Қоғамдық тәртіпті құрметтеу

Білім алушылар Абай университеті қабырғасында және одан тыс жерлерде қоғам мүддесіне сәйкес әрекет етуі тиіс. Абай университетінің қоғамдық тыныштығын сақтап, тазалығы мен тәртібін құрметтеуі тиіс. Қоғамдық тәртібін бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің негізінде жауапкершілікке тартылып, айыппұл қарастырылады.

2.3. Жеке және академиялық адалдық

Білім алушылар академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақтауы тиіс. Адалдық әдебін бұлжытпай орындауы қажет. Сыбайлас жемқорлық дәлелдемелері анықталған жағдайда жауапты қызметтерге жүгінгені абзал.

2.4. Жауапкершілік және қоғамға қызмет ету

Білім алушылардың азаматтық жауапкершілікке бейімдігі қоғамға адал қызмет етуге, әлеуметтік-қайырымдылық, мәдени іс-шараларға белсенді қатысу арқылы бағалануы тиіс. Білім алушы қоғам алдында және Абай университеті алдында жеке азаматтық жауапкершілігін түсіну арқылы қоғамдық орындарда, әлеуметтік желілерде университет жайында, Абай университеті оқытушылары мен қызметкерлері және өзге білім алушыларының қалыптасқан жағдайы жайында пікірін, жазбасын білдірместен бұрын, негізделмеген мәселелерді анықтауға Абай университетінің тиісті орындарына, жауапты қызметтеріне жүгінуі тиіс. Білім алушының гуманистік іс-әрекеттері мемлекеттік және азаматтық қоғам мүддесіне сәйкес, әкімшіліктік-азаматтық жауапкершіліктерден босатпайды.

3. Әдеп ережелері

3.1. Өзара құрмет және әдептілік

Әрбір білім алушы Абай университеті оқытушыларына, әкімшілік қызметкерлеріне және өзге де білім алушыларына құрметпен қарауы тиіс. Қарым-қатынаста және оқу үрдісінде адалдық пен ашықтықты көрсету, ұжымдық жұмыстарда әділ болу маңызды.

3.2. Киім үлгісі және өзін-өзі ұстау

Білім алушылар мемлекеттік оқу орнының мәдениетін сақтау мақсатында, ресми және еркін классикалық киім үлгісін ұстанған жөн. Спорттық формалар, моральдік нормаларға сәйкес емес ашық, қысқа, ластанған киімдер, өзін-өзі ұстауда әсіре әрленіп жүру - болашақ оқытушы әрі мемлекеттік қызметкер абыройына, тұлғалық дамуына кері әсерін тигізетінін ұмытпағаны абзал.

4. Академиялық мінез-құлық

4.1. Академиялық адалдық қағидаларын сақтау

Білім алушылар академиялық дәрістерге уақытылы қатысуға, кешікпеуге, себепсіз сабақтардан қалмауға, пән тапсырмалары мен емтихандарды жеке орындауға, көшіруге, плагиатқа жол бермеуге, ғылыми және оқу жұмыстарында өз еңбегін көрсетуге, академиялық тапсырмаларды орындау кезінде адалдық танытуы қажет.

4.2. Абай университетінің мүлкін сақтау

Әрбір білім алушы Абай университетінің мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, оның тұтастығын сақталуына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

5. Қорытынды ережелер

Абай университеті білім алушыларының Әдеп кодексі Абай университеті білім алушыларының өзара қарым-қатынасын нығайтуға, академиялық оқу барысындағы академиялық адалдық әдебін, қоғам алдындағы азаматтық-әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Кодексте көрсетілген талаптар сақталмай, өрескел бұзылған жағдайда, білім алушыларға тиісті әкімшіліктік-тәртіптік жауапкершіліктер қарастырылады.